

Геолог емханасы
Хаттама №1

11.03.2025ж

Атырау қаласы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн талабы.

Геолог емханасының комплаенс офицері Туралиева Б.А. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн талабы» медициналық ұйымдарда берілетін (медициналық құжатты толтыруда, еңбекке жарамсыздық парағын беру) медициналық құжаттар бойынша құқық бұзушылық жағдайындағы заңнамамен таныстырып семинар өткізді.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да бар қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқасымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады. Осы заңмен, мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, пайда табу сыбайлас жемқорлық, деп анықталған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін санкциялар және 21-әрекеттер егжей-тегжейлі сипаттаулары берілді.

1. 189-бап. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу
2. 190-бап. Алаяқтық
3. 215-бап. Жалған кәсіпкерлік
4. 216-бап. Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау
5. 217-бап. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету

6. 218-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)
7. 234-бап. Экономикалық контрабанда
8. 249-бап. Рейдерлік
9. 307-бап. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру
10. 361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану
11. 362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану
12. 364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу
13. 365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау
14. 366-бап. Пара алу
15. 367-бап. Пара беру
16. 368-бап. Паракорлыққа делдал болу
17. 369-бап. Қызметтік жалғандық жасау
18. 370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік
19. 450-бап. Билікті теріс пайдалану
20. 451-бап. Билікті асыра пайдалану
21. 452-бап. Биліктің әрекетсіздігі

Сабақта әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар каралды (05.07.2014 ж ӘҚБтК 34 Тарау - 01.01.2015 ж күшіне енген)

1. 674-бап. Мемлекеттік наградаларды заңсыз тағып жүру (200 АЕК мөлшерінде айыппұл)
2. 677-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы (600 АЕК мөлшерінде айыппұл)
3. 678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (750, 1500 АЕК мөлшерінде айыппұл)
4. 679-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы (600 АЕК мөлшерінде айыппұл)
5. 680-бап. Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы (100 АЕК мөлшерінде айыппұл)
6. 681-бап. Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау (100 АЕК мөлшерінде айыппұл)

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігінің сыбайлас жемқорлық туралы факторлар және әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік туралы бірнеше видеороликтер көрсетілді.

Хатшы: Шампекова А.Е.

